

DOI 10.52260/2304-7216.2023.1(50).3  
 ЭОЖ 338.48  
 FTAMP 06.71.57

Р.Е. Ағыбетова\*, PhD, доцент<sup>1</sup>

Ж.А. Садықов, PhD, доцент<sup>2</sup>

А.Г. Гиззатжанова, магистр, аға оқытушы<sup>1</sup>

А.М. Касымова, PhD, доцент<sup>3</sup>

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
 университеті, Астана қ., Қазақстан<sup>1</sup>

Esil university, Астана қ., Қазақстан<sup>2</sup>

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік  
 университеті, Талдықорған қ., Қазақстан<sup>3</sup>

\* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)  
 e-mail: agybetova@mail.ru

### АЛАКӨЛ КӨЛІНІҢ ТУРИСТІК-РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН КЕШЕНДІ-ИНТЕГРАЛДЫ БАҒАЛАУ

Қазақстанның керемет табиғаты мен туристік ресурстары бар, оларды орынды пайдалану арқылы рентабельділік көрсеткішін жоғарылатуға болады, аймақтардың туристік-әлеуетін зерттеп, бағалау арқылы, олардың мүмкіндіктері қарастырылды. Бүгінгі күні ішкі туристік қызығушылық танытатын объект ретінде Алакөл көліне демалуға барушылардың легі артты, оның басты факторлары: қолайлы географиялық жағдайы, Қытай елімен трансшекаралық аймақ екендігі, көлдің адамның денсаулығына айтарлықтай емдік әсерінің бар екені зерделенген. Абай облысындағы Үржар ауданы мен Алматы облысындағы Алакөл ауданындағы Алакөл көлі алабын зерттеу қажеттілігі айқындалған. В.П. Благовещенский, Е.А. Тоқпанов, С.А. Севастьянованың зерттеу мәліметтерін пайдалана отырып, Алакөл көлі алабының рекреациялық әлеуетіне кешенді-интегралды бағалау жасалды. Әдіс 3 баллдық жүйеде аудан көрсеткіштерінің (климат, су нысандары, жер бедері, топырақ, өсімдік жамылғысы) орташа баллдарының сомасынан тұратын кешендік бағалауға негізделіп орындалды. Алакөл көлі алабында ландшафттардың 68 түрі бар, олар рекреациялық қызметті дамытуға қолайлы жерді анықтау үшін қажет. Демалыс пен туризмді дамыту мақсатында табиғи ландшафттардың тартымдылық дәрежесіне, құндылығына қарай аумақты аудандастыру зерттелді.

Алакөл көлі алабы аймағының туристік-рекреациялық әлеуетін арттыру үшін жолдар жүйесінің жөндеу жұмыстарын жүргізу; Қытай елімен трансшекаралық туризмді дамыту; экологиялық жағдайды қадағалау, қатты және сұйық тұрмыстық қалдықтарға арналған полигондарды ұйымдастыру, жағажайды тазалау жұмыстарын жүргізу бойынша ұсыныстар берілді. Жоғары инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және оларды дамытуға қатысты мәселелердің шешу жолдарын табу арқылы Алакөл курорттық аймағын дамытуға болады және де туристік-рекреациялық әлеуетті дұрыс пайдалану үшін ғылыми тұрғыдан зерттеу қажеттілігінің мақсаты айқындалады.

**Кілт сөздер:** Алакөл көлі, туристік-рекреациялық әлеует, кешенді бағалау, географиялық орналасуы, зерттеулер, туристік ресурстар, рекреациялық ресурстар, жарамды аумақтар, туризм, рекреация.

**Ключевые слова:** озеро Алаколь, туристско-рекреационный потенциал, комплексная оценка, географическое положение, исследования, туристские ресурсы, рекреационные ресурсы, пригодные территории, туризм, рекреация.

**Keywords:** Lake Alakol, tourist and recreational potential, comprehensive assessment, geographical location, research, tourist resources, recreational resources, suitable territories, tourism, recreation.

**Кіріспе.** Еліміздің туризм саласын 2023 жылға дейінгі дамыту тұжырымдамасында жағажайлық туризмді дамыту мәселесі көтерілген болатын, оның себебі Қазақстанның адамды тартардай керемет табиғаты мен туристік ресурстары бар теңізіміз бен көлдеріміз, өзендеріміз туристерге ерекше әсер беріп, сауықтырып, түрлі рекреациялық қызметпен айналысуға мүмкіндік береді. Жағажайлық демалысты дамыту үшін негізгі туристерді тартатын орын ретінде Алакөл көлін алуға болады.

Алакөл көлінің алабы келелі су ресурстарының бірі екі әкімшілік аудан аумағында орналасқан яғни, Абай облысындағы Үржар ауданы мен Алматы облысындағы Алакөл ауданындағы Алакөл көлі алабын зерттеуге болады. С.А. Севастьянованың 3 баллдық жүйесімен аудан көрсеткіштерінің (климат, су нысандары, жер бедері, топырақ, өсімдік жамылғысы) орташа баллдарының сомасынан тұратын кешендік бағалауға негізделген әдісі арқылы көлдің алабының рекреациялық әлеуетін кешенді-интегралды бағалау критерийлері анықтауға болады.

Кез келген аймақтың туристік-рекреациялық әлеуетінің мазмұнын табиғи туристік және рекреациялық ресурстар құрайтыны белгілі, жалпы туристік-рекреациялық ресурстар туристік

өнімді қалыптастыруға жарамды жағдайлар мен мүмкіндіктерді, белгілі бір аумақта орналасқан табиғи және техногенді нысандардың қасиеттерінің жиынтығын, адам ағзасына физикалық және психикалық тұрғыдан жағымды әсер ету мүмкіндігін ұсынады.


Алакөл көлі алабын ішкі және сыртқы туристер үшін ерекше сұранысқа ие ресурстың бүгінгі күні дамытуға боларлықтай әлеуеті бар, оны дамыту жұмыстары соңғы жылдары белсенді жүргізілуде де, десекте туристік ресурсты дұрыс пайдалану керек екендігі белгілі. Көл алабында ландшафттардың түрлілігі мен көптігі, аймақта рекреациялық қызметті дамыту мақсатында табиғи ландшафттардың тартымдылық дәрежесіне, құндылығына қарай аумақты аудандастыру жүзеге асырылды. Аймағының туристік-рекреациялық әлеуетін арттыру үшін іс-шаралар ұсынылды және оны жүзеге асыру кезек күттірмеуі керек.

**Әдебиеттік шолу.** Адамдардың оңалуы мен сауығын, ғылыми және мәдени-танымдық дамуын жақсартатын рекреацияға берген Н.Ф. Реймерстің «рекреация, денсаулықты және еңбекке қабілеттілікті қалпына келтіру тыс жерде болуы керек (жорықта, шипажайларда, демалыс үйлері және т.б.)» деген анықтамасымен келісуге болады [1]. Рекреациялық қызметтің анықтамалар, аймақтың табиғи жағдайларын сипаттайтын әдістемелік нұсқаулар, аумақтық рекреациялық жүйелердің динамикасын зерттеуге қатысты түрлі тәсілдер Ю.А. Ведениннің, Л.И.Мухинаның, И.В. Зоринның, В.А. Квартальновтың, И.И. Пирожниктің мақалаларында жарияланып, жарық көрді [2]. Сол сияқты, Ж.Т. Мукаев 2015 жылы Алакөл бассейнінің аумақтық-рекреациялық жүйесіне геоэкологиялық бағалау жүргізді [3]. К.А. Исакова, А.А.Жакупов, А.С.Ақтымбаева, Ш.Т. Абдреева, Г.Р. Айжолова Алакөл бассейнінің рекреациялық әлеуетінің қазіргі жағдайына зерттеу жүргізсе, [4], Е.А. Абенова, С.З.Сайдуллаев Алакөл алабының емдік-сауықтыру туризмін дамыту үшін әлеуетін зерттеп, кешенді бағалау жүргізген болатын [5]. Бұған дейін туризмді дамытудың белгілі бір бағыттарын анықтау мақсатында Алакөл көлі алабына белгілі бір зерттеулер жүргізілген болатын, бірақ туристік – рекреациялық әлеуетіне кешенді-интегралды бағалау бойынша зерттеу жүргізілмеген. Ал туризмді дамыту үшін бұл бағыт экономикалық жағынан да, әлеуметтік жағынан да өте тиімді бола алады, жергілікті халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етеді және өз елінен тыс жерлерге шықпай-ақ қазақстандықтарды сауықтыруға мүмкіндік береді. Аймаққа туристердің келуі үшін оны жан-жақты зерттеу керек.

**Негізгі бөлім.** Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінде, Абай облысының Үржар ауданы және Алматы облысының Алакөл ауданы аумағында орналасқан Алакөл көлінің алабы географиялық жағынан тартымды деуге болады. Орографиялық тұрғыдан алабтың аймағы солтүстіктен Тарбағатай жотасымен, оңтүстікте Жоңғар (Жетісу) Алатауымен, шығысында және оңтүстік-шығысында Барлық жотасымен қоршалған. Барлық жотасы мен Жетісу Алатауының арасында «Жоңғар қақпасы» деп аталатын тар таулы өткел бар. Көл алабының батыс шекарасы салыстырмалы түрде шартты болып табылады, онда нақты табиғи шекаралар жоқ. Алакөл көлі алабының ауданы 68,700 км<sup>2</sup>, Қазақстан аумағында- 48,600 км<sup>2</sup>, қалған бөлігі Қытаймен шекаралас аудандарды алады. Алаптың 56%-ы шөлді жазық, ал төменгі бөлігі: Алакөл (2650 км<sup>2</sup>), Сасықкөл (736 км<sup>2</sup>), Ұялы (120 км<sup>2</sup>), Жалаңашкөл (38 км<sup>2</sup>) және 0,5-тен 600 гектарға дейінгі ауданды алатын 100 ұсақ көлдер қамысты, сулы-батпақты алқап жүйесін қалыптастырған [6]. Алакөл көлі алабының аймағының жер бедері орта таулыдан (Тарбағатай жотасы, Жетісу Алатауы) жазық далалы (Алакөл ойысы) жер бедеріне ауысып отырады, ол аймақта тау туризмін, геотуризмді, экологиялық туризмді дамытуға жоғары әлеуеті бар екенін көрсетеді.

В.П. Благовещенский Алакөл көлі алабында орналасқан Жетісу Алатауындағы 2 ауданның, 7 кешеннің, 30 алаңның рекреациялық әлеуетін қарастырған, аудандарды бөлу: жер бедері, өсімдік жамылғысы, су нысандары, климаты, эстетикалық құндылығы, антропогендік өзгерісі, көліктік қолжетімділігі, т.б. көрсеткіштерді бағалау арқылы жүргізді. Жетісу Алатауында: биік таулы, спорттық, экстремалды; орта таулы, спорттық-сауықтыру және экологиялық; аласа таулы, экскурсиялық-танымдылық; көліктік-танымдық, емдік; тау бөктеріндегі транзитті-танымдық сияқты 5 тип көрсетілген. Е.А. Токпанов Жетісу Алатауының туристік-рекреациялық әлеуетін зерттеу мен бағалау нәтижелері бойынша туристік және рекреация үшін қолайлы Алтынемел-Үйгентас, Баянжүрек аймақтарын көрсетеді [7].

Көл алабында ландшафттардың 68 түрі бар. Алакөл көлі алабы аймағында рекреациялық қызметті дамытуға қолайлы жерді анықтау үшін қажет. Демалыс пен туризмді дамыту мақсатында табиғи ландшафттардың тартымдылық дәрежесіне, құндылығына қарай аумақты аудандастыру жүзеге асырылды (1-сурет).



1-сурет. Демалыс пен туризмді дамыту мақсатында табиғи ландшафттарды тартымдылық дәрежесіне қарай Алакөл көлі алабы аумағын аудандастыру\*

\* [8] мәліметтері негізінде авторлармен құрастырылған

Аумақты кешенді-интегралды бағалау әдісін қолдана отырып, зерттеліп отырған аймақта әртүрлі дәрежелі туристік тартымдылықтың 3 аумақтың типі (ең қолайлы, қолайлы, салыстырмалы қолайлы) белгіленді.

Алакөл көлі алабы аумағындағы ең тартымды рекреациялық ресурстар Батыс Тарбағатай жотасының оңтүстік бөлігінде, Жетісу Алатауының солтүстік тау беткейінде шоғырланған. Батпақты аудандар Сасықкөл, Алакөл көлдерінде көп кездеседі (жаяу туризм мен жапшай туризм түрлерін дамытуға кедергі факторлар). Қамыстанған таяз сулар аңшылыққа қолайлы, бірақ суға түсуге жарамайды. Жетісу Алатауындағы ең қолайлы аумақтар негізінен таудың орта бөлігінде, ал біразы таудың төменгі және жоғары аудандарында орналасқан, және олар аумақтың 30,6%-н қамтиды. Жетісу Алатауының солтүстігі су нысандарының жеткілікті дәрежесімен, шыршалы ормандардың көп таралуымен сипатталады. Белсенді туризм түрлерінің барлық формаларына қолайлы болып табылады. Тентек, Тастау, Көксуат өзендерінің аңғарында және Жетісу Алатауы жотасының орманмен жабылған беткейлерінде ең қолайлы аймақ деуге болады. Қолайлы аумақтарға Тарбағатай жотасының оңтүстік беткейі, Барлық тауының төбелі-бөктерлі беткейі, көлді-аллювиальді жазықтарын жатқызамыз. Алакөл көлі алабының батыс жағында орналасқан шөлді, жартылай шөлді және жалпы ауданның 26%-н қамтитын қырқа-төбелі құмдар таралған аймақтар салыстырмалы түрде қолайлы аумаққа жатады. Зерттеу барысында ландшафттың әрбір құраушысының (су нысандары, жер бедері, климаты, топырақ, өсімдік) қорытынды бағасы анықталды (1-кесте).

1-кесте

Алакөл көлі алабының табиғи-рекреациялық әлеуетін кешенді-интегралды бағалау нәтижесі (балл)\*

Ландшафт түрі	Жер бедері	Су нысандары	Климат	Топырақ, өсімдік жамылғысы	Орташа балл
1	2	3	4	5	6
дала (1-7)	1	1,3	2,3	2,1	1,6
шөлейт (8,9)	1	1	2	1,8	1,4
шөл (10-15)	1	1	2	1,9	1,4
таулы шалғын (16-19)	3	2	2	2,1	2,2
орман (20)	3	2,6	2,3	3	2,7
дала (23-32)	3	2,5	2,3	2,7	2,6

1	2	3	4	5	6
шөлейт (33-37)	1,9	1,1	2,6	1,8	1,8
шөл (38-68)	1,9	1	2,3	2	1,8

\* [3] мәліметтері негізінде авторлармен әзірленген

Алакөл аймағының климаттық ерекшелігі негізінен күн сағаттарының көп болуымен байланысты, көрсеткіштер жылына 2500 сағаттан астам уақытты құрайды. Алакөл көлінің басым бөлігінде қолайлы кезең мамыр айынан қыркүйекке дейін созылады. Ал, орташа температурасы 15°C-тан асатын күндер саны 150-ге тең. Суға шомылу маусымының ұзақтығы температурасы 17°C-тан жоғары күндер санына тең. Алакөл, Жалаңашкөл көлдерінде шомылу кезеңінің ұзақтығы жылына 60 күннен асады. Қаңтар айындағы орташа ауа температурасы -12°C-тан -15°-қа дейінгі аралықта болады.

Қысқы рекреация үшін (шаңғымен жүру) жақсы жағдайлар Үржар ауылының маңында Тарбағатай жотасында жасалған. Алакөл көлі алабында тұрақты қар жамылғысы 100-150 күнге, ал Жетісу Алатауы мен Тарбағатай жотасында 160 күннен жоғары кезеңге созылады. Алакөл көлі аймағында қар жамылғысының биіктігі 20 см, ал Тарбағатай жотасы мен Жетісу Алатауының төменгі бөлігінде 30 см, жоғарғы бөліктерінде 40 см және одан жоғары болады [9]. Зерттелген аймақтың климаттық құраушылары үш параметрді (жазғы қолайлы рекреациялық кезеңнің ұзақтығы (күнмен есептегенде), +10°C-тан жоғары ауа температурасының жалпы сомасы, қар жамылғысының биіктігі) ескере отырып бағаланды (2-кесте).

2-кесте

#### Алакөл көлі алабының климаттық құраушыларын бағалау (балл)\*

Ландшафт түрі	Жазғы қолайлы рекреациялық кезеңнің ұзақтығы	Қар жамылғысының биіктігі	+10°C-тан жоғары ауа температурасының жалпы сомасы	Орташа балл
дала (1-7)	2	2	3	2,3
шөлейт (8,9)	2	1	3	2
шөл (10-15)	2	1	3	2
таулы шалғын (16-19)	1	3	2	2
орман (20)	1	3	3	2,3
дала (23-32)	1	3	3	2,3
шөлейт (33-37)	2	3	3	2,6
шөл (38-68)	2	2	3	2,3

\* [3] мәліметтері негізінде авторлармен құрастырылған

Аймақтағы метеорологиялық станциялардың мәліметіне сәйкес бұл аумақ шөлді құрғақ климатпен сипатталады. Қысы суық, желді, ал жазы ыстық, құрғақ. Ауа температурасы абсолютті максимум +42°C, абсолютті минимум -46°C-ты көрсетсе, ал ауаның орташа жылдық температурасы 6,2°C-тан 7,2°C-қа дейін. Орташа айлық температура «Дружба» метеорологиялық станциясының көрсеткіші бойынша -16,6°C-ты (қаңтарда), (шілде айында - +25,3°C). Соңғы 25 жыл ішінде Алакөл көлі алабы климатының елеулі түрде жылынуы байқалуда. Алакөл алабының жазық дала бөлігіндегі маусым ұзақтығының көрсеткіштері 3 кестеде көрсетілген.

3-кесте

#### Маусым ұзақтығының көрсеткіштері\*

Маусым	Басталуы	Аяқталуы	Созылуы (күн)
Көктем	25-наурыз	5-мамыр	52
Жаз	6-мамыр	30-шы қыркүйек	138
Күз	1-қазан	15-қараша	45
Қыс	16-қараша	24-наурыз	130

\* [10] мәліметтері негізінде авторлармен әзірленген

Орташа жылдық-жауын-шашын мөлшері 350-500 мм құрайды. Жауын-шашын көбіне қыс мезгілінде жауады. Екі ай ішінде (қараша-желтоқсан) «Үржар» метеорологиялық станциясының аймағының өзінде ғана жылдық жауын-шашын мөлшерінің 109 мм немесе 27%-ы жауады [11].

Алакөл көлінде және оның рекреациялық зоналарында туризмді дамыту өзекті болып отыр. Оның басты факторларының бірі болып: қолайлы географиялық жағдайы (оңтүстік-батыс жағалау), Қазақстанның ірі қалаларының (Алматы, Семей, Талдықорған) және де Қытай елі қалаларының жақындығы (6 миллионнан астам адам) табылады. Аймақта туризмнің жақсы сервисін ұсынсақ, рентабельділік көрсеткіші жоғары болатыны анық. 2020 жылғы Алакөл көлі аумағында демалған адамдардың саны (336 мың) адам, орналастыру орындарының саны 370 бірлік, олар 8226 номер, 384466 төсек- тәулік ұсынады (4-кесте).

4-кесте

**2020 жылы Алакөл курорттық аймағына келушілер саны\***

Курорттық аймақ	Кіру және ішкі келушілер саны	Орналас-тыру орын-дарының саны, бірлік	Орналас-тыру орын-дарында тоқтағандар	Нөмірлер саны, бірлік	Бір жолғы сыйым-дылығы, төсек-орын	Ұсынылған төсек-тәулік
Алакөл курорт-тық аймағы (Абай облысы)	113 092	171	42 551	4 353	12 115	99 044
Алакөл курорт-тық аймағы (Алматы облысы)	225 206	199	225 206	3 873	10 852	285 422

\* [12] мәліметтері негізінде авторлармен құрастырылған

Орналастыру орындарының сапасы және 4\*, 5\* жұлдызды қонақ үйлердің болмауы, инфрақұрылым деңгейін, ұсынатын қызметтер сапасын бағалауды талдауға қиындық туғызады [13]. Маусымдық мерзімде Алакөл курорттық аймағына он мыңдаған турист келеді. Он жылдан астам уақыттан бері облыста туризмді дамытуға ерекше назар аударылуда. Қазіргі уақытта заманауи жолдардың құрылысы жүргізілуде. Үшаралда әуежай бар, тұрақты теміржол қызметі орнатылған. Аймаққа демалуға келуші туристер саны жылдан жылға артуда. Алакөл көлінің емдік қасиеттерінен және жылы суынан әсер алу үшін тек қана Ресей емес, Германия, Франция, Түркия, АҚШ азаматтары келуде [14].

Алакөл көлі алабы аймағының туристік-рекреациялық әлеуетін арттыру үшін келесі іс-шараларды ұсынуға болады:

- жолдар жүйесінің жөндеу жұмыстарын жүргізу; Үшарал қаласына авиа бағыттар ашу; Қытай елімен трансшекаралық туризмді дамыту;
- экологиялық жағдайды қадағалау, жағалаудың бұзылуына қарсы толқын тосқы құрылысын жүргізу, жағажай сызықтарын белгілеу;
- қатты және сұйық тұрмыстық қалдықтарға арналған полигондарды ұйымдастыру, Алакөл жағажайының және шипажайларға тиісті аймақтарды тазалау жұмыстарын жүргізу;
- еңбек нарығын және статистикалық көрсеткіштерді цифрландыру [14];
- халықтың демалуы және емделуі үшін табиғи-климаттық, бальнеологиялық факторлардың тиімді пайдаланылуын, сауықтыру орындарының демалушыларды қабылдауға дайындығын бақылау.

**Қорытынды.** Алакөл көлі алабының туристік-рекреациялық әлеуетін бағалау үшін қолданылған кешенді-интегралды әдіс, аймақты жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Аумақты кешенді-интегралды бағалау әдісін қолдана отырып, зерттеліп отырған Алакөл көлі аймағында әртүрлі дәрежелі туристік тартымдылықтың 3 аумақтың типі (ең қолайлы, қолайлы, салыстырмалы қолайлы) анықталды.

Аумақты кешенді-интегралды бағалау ландшафт түрі, жер бедері, су нысандары, климат, топырақ, өсімдік жамылғысын бағалаудың әртүрлі әдістерінің жиынтығына байланысты жүргізілді.

Аймақтың туристік-рекреациялық әлеуетін арттыру үшін ең негізгі ұсыныстардың бірі ретінде демалыс аудандарын сапалы жоғары инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және оларды дамытуға қатысты мәселелердің шешу жолдарын табу қажет.

Сапалы туристік инфрақұрылымдарды қамтамасыз еткеннен кейін аймақта туристік кәсіпорындар арасында бәсекелестік артады, бұл өз кезегінде сапаның және тиімді баға саясатының қалыптасуына әсер етеді.

Алакөл курорттық аймағының туристік-рекреациялық әлеуетін ғылыми тұрғыдан үнемі зерттеу қажеттігі бар.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Реймерс Н.Ф. Природопользование: словарь-справочник. – М.: Мысль, 1990. – 637 с.
2. Веденин Ю.А., Зорин И.В. Социальные аспекты изучения территориальных рекреационных систем // Вопросы географии. – 1973. – № 93. – С. 21-28.
3. Мукаев Ж.Т. Геоэкологическая оценка территориально-рекреационных систем бассейна озера Алаколь // дис. PhD. – Астана, 2015. – 140 с.
4. Исакова К.А., Жакупов А.А., Ақтымбаева А.С., Абдреева Ш.Т., Айжолова Г.Р. Современное состояние рекреационного потенциала Алакольского бассейна // Вестник КазНУ. Серия экологическая. – 2013. – № 2/1 (38) . – С. 102-115.
5. Абеннова Е.А., Сайдұллаев С.З. Комплексная оценка потенциала Алматинской области в направлении развития лечебно- оздоровительного туризма//Central Asian Economic Review. «Нархоз университеті» КЕАҚ. – А. – 2020, № 2(131). – С. 182-195.
6. Ященко Р.В. Заповедники Средней Азии и Казахстана. – Алматы: Тетис, 2006. – № 1. – 352 с.
7. Токпанов Е.А. Жетісу Алатауы өңірінде туризмді дамытудың географиялық негіздері: геогр. ғыл. канд. автореф. – Алматы, 2008. – 39 б.
8. Национальный атлас Республики Казахстан. Бас редактор А.Р. Медеу. – Алматы, 2010. – С. 100-121.
9. Чупахин В.М. Физическая география Казахстана. – Алма-Ата. – 1968. – 260 с.
10. Трифонова Т.М. Потери воды на испарение с поверхности озера Алаколь // Алакольская впадина и ее озера. – А.: Наука, 1965. – № 12. – С. 172-181.
11. Кузнецова З.И. Семипалатинская область. Экономико-географическая характеристика. – А.: АН КазССР. – 1961. – 245 с.
12. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті. – URL: <http://stat.gov.kz/>
13. Алматы облысы Алакөл ауданы әкімдігінің реси сайты. Алакөл ауданының әлеуметтік-экономикалық төлқұжаты 2018 ж. – URL: <http://alacol.zhetisu.gov.kz/pages/175/>.
14. Кочуров Б.И. Экодиагностика и сбалансированное развитие: учеб. пос. / М.: Смоленск, Маджента, 2003. – 384 с.

## REFERENCES

1. Rejmerns N.F. Prirodopol'zovanie: slovar'-spravochnik. – M.: Mysl', 1990. – 637 s. [in Russian].
2. Vedenin YU.A., Zorin I.V. Social'nye aspekty izucheniya territorial'nyh rekreacionnyh sistem // Voprosy geografii. – 1973. – № 93. – S. 21-28 [in Russian].
3. Mukaev ZH.T. Geoekologicheskaya ocenka territorial'no-rekreacionnyh sistem bassejna ozera Alakol' // dis. PhD – Astana, 2015. – 140 s. [in Russian].
4. Iskakova K.A., ZHakupov A.A., Aqtymbaeva A.S., Abdreeva SH.T., Ajzholova G.R. Sovremennoe sostoyanie rekreacionnogo potenciala Alakol'skogo bassejna // Vestnik KazNU. Seriya ekologicheskaya. – 2013. – № 2/1 (38) . – S. 102-115 [in Russian].
5. Abenova E.A., Sajdullaev S.Z. Kompleksnaya ocenka potenciala Almatinskoy oblasti v napravlenii razvitiya lechebno-ozdorovitel'nogo turizma//Central Asian Economic Review. «Narhoz universiteti» КЕАҚ. – А. – № 2(131), 2020. – S.182-195 [in Russian].
6. Yashchenko R.V. Zapovedniki Srednej Azii i Kazahstana. – Almaty: Tetis, 2006. – № 1. – 352 s. [in Russian].
7. Tokpanov E.A. Zhetisu Alatauy өнірінде туризмді дамытудың географиялық негіздері: геогр. ғыл. канд. автoref. – Almaty, 2008. – 39 s. [in Kazakh].
8. Nacional'nyj atlas Respubliki Kazahstan. Bas redaktor A.R. Medeu. – Almaty, 2010. – S. 100-121 [in Russian].
9. CHupahin V.M. Fizicheskaya geografiya Kazahstana. – Alma-Ata. – 1968. – 260 s. [in Russian].
10. Trifonova T.M. Poteri vody na isparenje s poverhnosti ozera Alakol'//Alakol'skaya vpadina i ee ozera. – А.: Nauka, 1965. – № 12. – S. 172-181.
11. Kuznecova Z.I. Semipalatinskaya oblast'. Ekonomiko-geograficheskaya harakteristika. – А.: АН КазССР. – 1961. – 245 s. [in Russian].

12. Kazakstan Respublikasy Ulttyk ekonomika ministrlygi Statistika komiteti. – URL: <http://stat.gov.kz/> [in Kazakh].

13. Almaty oblysy Alakol audany akimdiginin resi saity. Alakol audanyнын aleumettik-ekonomikalyk tolkuzhaty 2018 zh. – URL: <http://alakol.zhetisu.gov.kz/pages/175/> [in Kazakh].

14. Kochurov B.I. Ekodiagnostika i sbalansirovannoe razvitiye: ucheb. pos./ M.: Smolensk, Madzhenta, 2003. – 384 s. [in Russian].

**Ағыбетова Р.Е., Садыков Ж.А., Гиззатжанова А.Г., Касымова А.М.**

### **КОМПЛЕКСНО-ИНТЕГРАЛЬНАЯ ОЦЕНКА ТУРИСТСКО-РЕКРЕАЦИОННОГО ПОТЕНЦИАЛА ОЗЕРА АЛАКОЛЬ**

#### **Аннотация**

Казахстан обладает прекрасной природой и туристскими ресурсами, с их разумным использованием можно повысить показатель рентабельности, изучить и оценить туристско-потенциал регионов, рассмотреть их возможности. На сегодняшний день увеличился поток туристов на озеро Алаколь как объект внутреннего туристического интереса, изучены его основные факторы: благоприятное географическое положение, трансграничный регион с Китаем, наличие значительного лечебного воздействия озера на здоровье человека. Определена необходимость обследования бассейна озера Алаколь в Урджарском районе Абайской области и Алакольском районе Алматинской области. С использованием данных исследований В. П. Благовещенского, Е.А. Токпанова, С.А. Севастьяновой проведена комплексно-интегральная оценка рекреационного потенциала бассейна озера Алаколь. Метод выполнен на основе комплексной оценки, состоящей из суммы средних баллов показателей района (климат, водные объекты, рельеф, почва, растительность) в 3-балльной системе. В бассейне озера Алаколь насчитывается 68 видов ландшафтов. Они необходимы для определения подходящего места для развития рекреационной деятельности. В целях развития отдыха и туризма исследовано зонирование территории в зависимости от степени привлекательности, ценности природных ландшафтов.

Даны рекомендации по проведению ремонтных работ системы дорог для повышения туристско-рекреационного потенциала бассейна озера Алаколь; развитию трансграничного туризма с Китаем; надзору за экологической обстановкой, организации полигонов для твердых и жидких бытовых отходов, уборке пляжа. Путем обеспечения высокой инфраструктурой и поиска путей решения проблем, связанных с их развитием, возможно развитие Алакольской курортной зоны и определяется цель необходимости научных исследований для правильного использования туристско-рекреационного потенциала.

**Agybetova R., Sadykov Zh., Gizzatzhanova A., Kassimova A.**

### **INTEGRATED ASSESSMENT OF THE TOURIST AND RECREATIONAL POTENTIAL OF ALAKOL LAKE**

#### **Annotation**

Kazakhstan has a beautiful nature and tourist resources, with their reasonable use, it is possible to increase the profitability indicator, study and evaluate the tourist potential of the regions, consider their possibilities. To date, the flow of tourists to Lake Alakol has increased as an object of domestic tourist interest, its main factors have been studied: a favorable geographical location, a cross-border region with China, the presence of a significant therapeutic effect of the lake on human health. The necessity of a survey of the Alakol lake basin in the Urjar district of the Abai region and the Alakol district of the Almaty region has been determined. Using the research data of V. P. Blagoveshchenskiy, E. A. Tokpanov, S. A. Sevastyanova, a comprehensive and integral assessment of the recreational potential of the Lake Alakol basin was carried out. The method is based on a comprehensive assessment consisting of the sum of the average scores of the district indicators (climate, water bodies, relief, soil, vegetation) in a 3-point system. There are 68 types of landscapes in the basin of Lake Alakol. they are necessary to determine a suitable place for the development of recreational activities. In order to develop recreation and tourism, the zoning of the territory has been studied depending on the degree of attractiveness and value of natural landscapes.

Recommendations are given on the repair of the road system to increase the tourist and recreational potential of the Alakol Lake basin; the development of cross-border tourism with China; supervision of the environmental situation, the organization of landfills for solid and liquid household waste, cleaning the beach. By providing high infrastructure and finding ways to solve the problems associated with their development, the development of the Alakol resort area is possible and the purpose of the need for scientific research for the proper use of tourist and recreational potential is determined.